

**«Сарысай орта мектебі» КММ-нің №1 кезектен тыс педагогикалық кеңес
хаттамасының көшірмесінен үзінді**

Қатысқандар: 24

Себепті: 0

Кеңес төрағасы: Нурмуханов Н. С.

Хатшы: Маханалина К. К.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Сарысай орта мектебі» КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.
/Нурмуханов Н. С. - мектеп директоры/

ТЫНДАЛДЫ:

1. Нурмуханов Н. С. мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы «Білім беру үйымдарының өзін-өзі бағалауын үйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» басшылыққа ала отырып гимназия қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

- 1) білім беру үйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады:

- 1) оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- 3) білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дайындық деңгейіне;
- 4) оқу мерзіміне сәйкестігін талдау жолымен жүзеге асырылады.
- 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.

Өзін-өзі бағалау туралы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 115-Н/К бұйрығымен, үйымның өзін-өзі бағалауын үйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамымен таныстырыды:

1. Нурмуханов Н. С. - мектеп директоры, комиссия төрағасы
2. Аманбаева А. Е. - директордың оқу-тәрбиелік жөніндегі орынбасары, информатика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
3. Ақынтаева М. Б. - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4. Адылова Г. С. - бастауыш клас мұғалімі, комиссия мүшесі
5. Дүйсенбаева Ж. Е. - педагог-психолог, комиссия мүшесі
6. Кульбаева Р. К. – математика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі

Комиссия білім беру үйымын бағалау өлшемшарттарына және білім беру үйымын өзін-өзі бағалауды үйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, білім беру үйымының өзін-өзі бағалауын жүргізуге тиіс. Комиссия мүшелері білім беру үйымының өзін-өзі бағалауы бойынша дайындалатын есептерді атады.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кенесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

- Білім беру үйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Сарысай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
- «Сарысай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін – өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2023 жылдың 01-28 қыркүйек аралығы болып бекітілсін.
- Мектеп қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
- Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылыштап бекітілсін.

Пед.кенес төрагасы:
Хатшысы:

Нурмуханов Н. С.
Маханалина К. К.

